Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

# QAZAQ ÝNIVERSITETI

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№9 (1760)
2 маусым
2020 жыл

www.kaznu.kz facebook.com/KazakhNationalUniversity vk.com/kazuniversity instagram.com/KAZNU_FARABI

# ҚАЗҰУ: «АА+» ДЕҢГЕЙІ

**«Academic Ranking of World Universities-European Standard» («ARES») беделді еуропалық рейтингінің зерттеулері бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «АА+» жоғары бағасына ие болып, жетекші еуропалық университеттердің қатарына енді.**

«ARES» халықаралық рейтингіні 2011 жылдан бастап Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палатасы жүргізеді. Биылғы жылы оған еуропалық стандарттарға қызметі сәйкес келетін ТМД елдерінің 530-дан астам жоғары оқу орны қатысты. «ARES» нәтижелері жылына екі рет шығарылады және оларды әлемнің жетекші рейтингтік агенттіктері назарға алады. 2018 жылдан бастап ҚазҰУ «АА+» деңгейіне қол жеткізіп, рейтингтегі өз көрсеткіштерін әлдеқайда жақсартты, бұл оның көшбасшылық орны мен академиялық ортадағы беделінің арта түсуінің дәлелі.

Рейтинг жоғары оқу орындарын келесі көрсеткіштер бойынша саралайды: ғылыми-инновациялық қызмет, оқыту сапасы, цифрландыру деңгейі, түлектердің сұранысқа ие болуы, халықаралық тану, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы. Сонымен қатар, халықаралық рейтингтер мен академиялық қоғамдастықтағы университеттің орны есепке алынады.

Айта кетер жайт, зерттеу университетіне трансформациялануға бағыт алған ҚазҰУ, жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігіндегі өзінің бәсекеге қабілеттілігін үдемелі арттырып, халықаралық рейтингтерде табысты алға ілгерілеуде. Жетекші қазақстандық жоғары оқу орны әлемнің үздік университеттерінің қатарына енуді көздейді.

**Баспасөз қызметі**




# ҚАЗҰУ ТҮЛЕКТЕРІ КҮНІ

**Жылдар бойы қалыптасқан дәстүр бойынша, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектер күні мамыр айының соңғы сенбісінде аталып өтті. Биыл бұл іс шара Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына орайластырылып, ерекше – онлайн форматта өткізілді.**

Осындай формат жоғары оқу орнында алғаш рет көрініс тапты. Бұл ауқымды оқиға жетекші университеттің мыңдаған түлектерін қамтыды. Ұйымдастырушылардың күш-жігері мен заманауи технологиялардың мүмкіндіктерінің арқасында, түлектер араға көп жылдар салып қайта қауышып, сүйікті альма-матерлерін жаңа жетістіктерімен құттықтап, өз жаңалықтарымен бөлісіп, бір-бірінің табысты еңбектеріне қуаныштарын жеткізе алды. Мереке жылы және достық жағдайда өтіп, қатысушыларға жағымды эмоциялар мен күш-қуат берді.

Онлайн кездесуге ҚазҰУ-дың 3 мыңнан астам түлегі қатысты. Олардың арасында танымал мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, дипломаттар, БАҚ басшылары, әр түрлі жылдардың түлектері бар.

Сүйікті университетін мерекемен құттықтағандардың қатарында: ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы, ҚазҰУ түлектері қауымдастығының президенті Қайрат Мәми, ҚР Жоғарғы Сотының Төрағасы Жақып Асанов, ҚР Парламенті Сенаты комитетінің төрағасы Мұрат Бақтиярұлы, ҚР СІМ Ерекше тапсырмалар жөніндегі Елшісі Болат Сәрсенбаев, 2019 жылғы әл-Фараби атындағы ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Айсұлу Тұрсунова, жоғары оқу орындарының ректорлары мен ғылыми-зерттеу институттарының директорлары, сондай-ақ еліміздің басқа да танымал тұлғалары болды.

Қатысушылар ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың құттықтауын және жоғары оқу орнының жетістіктері туралы – «ҚазҰУ: болашаққа ұмтылған университет» бейнесюжетін үлкен қызығушылықпен тамашалады. Түлектер қауымдастығының президенті Қ. Мәми өз кезегінде «Тәлімгерлік – әркім ие бола алатын мүмкіндіктер» атты жаңа жобаның тұсауын кесті. Бір ауыздан қолдауға ие болған бұл жоба түлектердің университетпен байланысын нығайтуға, сондай-ақ студенттер, жас ғалымдар мен оқытушыларға аға ұрпақтың кәсіби шеберлігі мен тәжірибесінен өнеге алуға, заманауи қоғамда өз білімі мен құзыреттілігін пайдалануға көмектесуге бағытталған. Ол үшін кездесулер, шеберлік сағаттары, көшбасшылық дәрістер мен тәлімгерлердің тәжірибелік кеңестері, басқа да іс-шаралар өткізілетін болады.

**Жалғасы 4-бетте**

# ҚАЗҰУ-ДА АЛҒАШ РЕТ ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯЛАР ОНЛАЙН ҚОРҒАЛДЫ

**Коронавирустың таралу қаупін алдын алу шаралары аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да онлайн форматта докторлық диссертациялар екінші рет қорғалды.**

Онлайн форматтағы ҚазҰУ-дағы алғашқы қорғау «Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Анар Танабаева «Ортағасырлық ислам мәдениетіндегі «кемел адам» концептісі» тақырыбындағы диссертациясы қорғалды. Диссертация ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің мәдениеттану және дінтану кафедрасында дайындалды.

Онлайн-қорғау 2020 жылдың 19 мамырында сағат 10:00-де ҚазҰУ жанындағы «философия», «мәдениеттану», «дінтану», «исламтану» мамандықтар тобы бойынша диссертациялық кеңесінде өтті.

**Жалғасы 2-бетте**

КАЗАХСТАН В WORLD OF JOURNALISM STUDY
2-стр.



БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖОҒАРЫ МОЙЫНДАУЫ
3-бет



«ӘЛ-ФАРАБИ» ӘЛЕМІ
6-бет



**Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде қазақстандықтарға ел дамуының қазіргі кезеңінде жоғары сапалы адами капиталдың маңыздылығын ерекше атап өтті. Осыған қатысты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов өз пікірін білдірді.**

# ЭКОНОМИКАНЫҢ БАРЛЫҚ САЛАЛАРЫ ЖАҢА БІЛІМГЕ НЕГІЗДЕЛУІ ТИІС

Қазіргі уақытта білім мен ғылым экономиканың басты салалары ретінде қабылдануға тиіс және де түбегейлі реформалау қажеттілігіне мән берді.

Президент бүгінгі күнде ғылым мен білімге жеткілікті көңіл бөлінбегенін ашық түрде айтып, бұл салаларға деген көзқарасты ел дамуының драйвері ретінде қайта қарау қажеттілігін алға тартты. Ерекше көңіл аударатын жайт, бүкіл мемлекеттік саясатты соған сәйкес жүзеге асыру еліміздің дамуына түбегейлі өзгерістер әкелетінін және де халқымыз үшін өркениет бағытындағы серпіліс беретін батыл да, өте ірі қадам екенін атап айту қажет. Экономиканың барлық салалары жаңа білімге, технологияларға және инновацияларға негізделуі тиіс, бұл жаңа экономикаға көшудің біртұтас үлгісін қажет етеді.

Бұған дейін де Президент отандық экономиканың болашақ жаңа құрылымын құру қажеттігін атап өткен болатын. Бұл құрылымда ғылым мен білім беру дербес сала, әрі өндіруші күш ретінде маңызды орын алуы керек екені анық. Осы мақсатта Мемлекет басшысы бастапқы кезеңде аталмыш саланы отандық экономиканың тиімді секторына айналдыру шараларын ұсынуда, бұл «Ғылым туралы Заңның» жаңа редакциясы мен Білім беруді және ғылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында көрініс табуы қажет. Сондай-ақ, білім беруді қаржыландыруды 6 есеге, ал ғылымды 7 есеге ұлғайту жоспарлануда. Бұл шаралар Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы елдерінің көрсеткіштеріне жақындауға мүмкіндік береді. Докторантура гранттарының құны мен санын арттыру, постдокторантура бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырысты бөлу жөніндегі тапсырма еліміздің ғылыми кадрларын қалыптастырудағы шешуші қадам болады. Республикамызда алғаш рет ҚазҰУ-да жүзеге асырылған постдокторантура бағдарламасы жоғары тиімділікті көрсетті. Алтыншы технологиялық құрылым кезінде ресурстар мен назарды био және нанотехнологияны, жасанды интеллект, виртуалды шынайылық және тағы басқа технологияларды дамытуға шоғырландыру қажет.

Білімге негізделген экономиканың жаңа моделін құру мақсатында Президент технологиялық аландарды, ірі кәсіпорындарды жоғары оқу орындарымен және ғылыми-зерттеу институттарымен байланыстыратын тізбек құруға нұсқау беруде. Мемлекеттің, бизнестің және университеттердің тығыз ынтымақтастығына негізделген инновациялық экономикасы дамыған елдерде сыналған тиімді «үштік спираль» моделін қолдану арқылы бұл мақсатқа қол жеткізуге болады. Жетекші елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, ҚазҰУ ғылыми өзін-өзі басқару, экономикалық өзін-өзі қамтамасыз ету және ғылымды қажетсінетін секторға инвестиция тарту қағидаттарына негізделген ғылыми әзірлемелерді жасау мен енгізуге арналған ғылымды басқарудың жаңа моделін іске асыруға бағытталған «Әл-Фараби ғылыми-технологиялық алқабын» құруға бастама жасады.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, мұндай ареалдар – жаңа инновациялық экономиканың өсу нүктелері. Қазірдің өзінде Қазақстанның дағдарыстан кейінгі даму базасын қалыптастыруға бағытталған экономикалық өсуді қалпына келтіру бойынша құрылған Мемлекеттік комиссияның қызметі шеңберінде елдің болашақ экономикасының негізгі қаланады деген үміттеміз. Осы ретте Әл-Фараби ғылыми-технологиялық алқабы сынды жобалар мен Үкімет және басқа да сарапшылардың ұсыныстарын іске асыруды қолға алу қажет.

**«ҚазАқпарат»**
**Халықаралық агенттігі,**
**29-мамыр 2020 ж**

# ҚАЗҰУ-ДА АЛҒАШ РЕТ ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯЛАР ОНЛАЙН ҚОРҒАЛДЫ

**Жалғасы. Басы 1-бетте**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың экономика және бизнес жоғары мектебінің диссертациялық кеңесінде 27-28 мамыр аралығында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін М.С. Бектурганованың «Приоритеты и экономические механизмы перехода к низкоуглеродному развитию нефтегазового сектора Казахстана» тақырыбында «экономика» мамандығы бойынша және А.К. Кожахметованың «Evaluation of high-tech project success in the Republic of Kazakhstan based on international standards of project management» тақырыбында «жобаларды басқару» мамандығы бойынша докторлық диссертацияларын қорғау мәжілісі онлайн форматта өтті.

Жұмыстар «менеджмент» кафедрасында және «Ғылым ордасы» ҚР БҒМ ҒК экономика институтымен бірлесе «экономика» кафедрасында дайындалған.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЭжБЖМ жанындағы диссертациялық кеңес шетелдік ғалымдардың қатысуымен «экономика», «әлемдік экономика», «инновациялық менеджмент», «логистика», «жобаларды басқару», «мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтар тобы бойынша жұмыс жасайды.

**Өз тілшімізден**

**КазНУ им. аль-Фараби стал участником глобального исследования Worlds of Journalism Study Association (WJSA). Этот академический проект направлен на исследование состояния журналистики в мире.**

# КАЗАХСТАН В WORLD OF JOURNALISM STUDY



Основная цель проекта, который координируется Мюнхенским университетом Людвига-Максимилиана (Германия), – изучение изменений, происходящих в профессиональных взглядах журналистов и их мировоззрении, трансформаций функций в обществе, обстановки, в которой они работают. Партнерами WJSA являются международные организации и профессиональные объединения журналистов – ЮНЕСКО, Международная федерация журналистов, «Репортеры без границ», Европейская ассоциация подготовки журналистов и многие другие.

Первое пилотное исследование было проведено в 2007-2011 г.г., в нем приняли участие исследователи из 67 стран, было опрошено более 27 тыс. журналистов. С тех пор исследования значительно расширились. Сейчас World of Journalism Study предлагает передовой анализ того, как журналисты видят свои обязанности, изучает их отношение к обществу и правительству, а также характер и значение их труда. В третьем по счету исследовании, которое стартовало в этом году, участвуют 110 стран, в том числе и Казахстан, который представляют ученые КазНУ. Это открывает новые возможности для интеграции нашей страны в международное медийное пространство.

В настоящее время создается база данных респондентов с прогнозом охвата более 2,5 тыс. журналистов в Казахстане. Также проводится изучение специфики медийных предпочтений населения, уровень развития и потребления цифровых технологий. Кроме того, планируется обобщить опыт деятельности СМИ страны в условиях пандемии и участия журналистов в борьбе с распространением Covid-19.

**Соб. корр.**

## KAZNU.KZ

**QazUÝ-dyń shyǵystaný fakúlteti Saýd Arabıasynyń Al-Jýf ýnıversıtetimen birlese otyryp, sheteldikterge arnalǵan zamanaýı tehnologıalardy qoldaný arqyly arab tilin úırený boıynsha halyqaralyq onlaın semınar ótkizdi.**

Ál-Jýf ýnıversıtetiniń profesory, belgili til mamany Mahmýd Abdýl Hafız Halafalla semınarǵa qatysýshylarǵa arab tiliniń paıda bolýy men qalyptasý tarıhy, onyń taralýy, ereksheliktери men dıalektileri, basqa tilderge áseri, sondaı-aq álemdik keńistiktegi róli týraly aıtyp berdi. Sonymen qatar, ol arab tilin jaqsy meńgerý jáne ony jetildirý úshin tájirıbelik keńes berdi. Spıker oqytýda zamanaýı tehnologıalardy qoldaný qajettigin atap ótip, elektrondy oqýlyqtar men quraldardy paıdalaný tájirıbesin usyndy. Ol Educational Computer, E-Learning, Mobile Learning túrli túrlerin qoldana otyryp arab tilin meńgerýde jaqsy nátıje beretinin atap ótti.

QazUÝ-dyń Taıaý Shyǵys jáne Ońtústik Azıa kafedrasymen uıymdastyrylǵan onlaın-semınarda ál-Farabı atyndaǵy Qazaq ulttyq ýnıversıteti, Nur-Múbarak Egıpet ıslam mádenıeti ýnıversıtetiniń profesor-oqytýshylar quramy men doktoranttary, L. Gýmılev atyndaǵy ENÝ, Abaı atyndaǵy QazUPÝ, Abylaı han atyndaǵy QazHQjÁTÝ jáne eldiń basqa da joǵary oqý oryndarynyń ókilderi qatysty.

***

**QazUÝ-da «Pandemıa kezeńindegi zań jáne adam quqyqtary» atty halyqaralyq onlaın-konferensıa ótti.**

İs-sharany Eýropalyq advokattar Qaýymdastyǵy, halyqaralyq zańgerler komısıasy, quqyqtyq saıasatty zertteý ortalyǵy jáne «De Facto» zań fırmasynyń qoldaýymen adam quqyqtaryn qorǵaý jónindegi ǵylymı-zertteý ınstıtýty uıymdastyrdy.

Konferensıaǵa Qazaqstan, Reseı, Túrkıa, Belarýs, Ispanıa, Fransıa, Germanıa, Ýkraına, Shveısarıa, Polsha, Lıtva, Grýzıa sıaqty álemniń 17 elinen 300-den astam qatysýshy men spıker jınaldy.

Onlaın konferensıa baǵdarlamasy tórt sesıadan turdy. Birinshi sesıanyń barysynda spıkerler zańgerlerdiń qashyqtan jumys isteýi, qashyqtyqtan zańgerlik bilim berý jáne biliktilikti arttyrý jańa formattary men múmkindikterin talqylady. Ekinshi sesıa karantın jáne tótenshe jaǵdaı kezinde adam quqyqtaryn iske asyrý máselelerine arnaldy. Pandemıa jaǵdaıynda túrli elderde sot tóreligin júzege asyrý ereksheliktеrine arnalǵan saýaldar úshinshi sesıada talqylansa, tórtinshisinde kezeńde-tótenshe jaǵdaıdyń túrli mindetterdi oryndaýǵa áseri men zańdy saldary taqyryptary qaraldy. Advokattar men zańgerler týyndaǵan saýaldardy sheshýdiń tájirıbesimen bólisti.

Bul halyqaralyq is-shara QazUÝ janynan jýyrda qurylǵan adam quqyqtaryn qorǵaý jónindegi ǵylymı-zertteý ınstıtýty alǵash uıymdastyrdy. Instıtýt qyzmetiniń negizgi maqsattary: adam quqyqtaryn jáne zań kásibiniń táýelsizdigin damytý jáne qorǵaý; zań reformalaryna járdemdesý; adam quqyqtaryn qorǵaý isinde zańgerlerdiń áleýetin arttyrý; azamattardyń ádil sot tóreligine suranymyn damytý; sot tóreliginiń sapasyn jaqsartý jáne sot júıesine degen senimdi arttyrý bolyp tabylady.

***

**Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-da belgili ǵalym-zańger, ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ Túlekter qaýymdastyǵy Tóralqasynyń múshesi, memleket jáne qoǵam qaıratkeri, QR Tuńǵysh Prezıdenti Qory atqarýshy dırektorynyń orynbasary Igor Ivanovıch Rogovtyń ómir joly men qyzmetine arnalǵan «Ónegeli ómir» serıasynyń kezekti tomynyń onlaın-tusaýkeser rásimi ótti.**

Sharaǵa Qazaqstan Respýblıkasy Konstıtýsıalyq Keńesiniń tóraǵasy Qaırat Mámı, Qazaqstan Respýblıkasy Tuńǵysh Prezıdenti Qorynyń atqarýshy dırektory – Qanat Jumabaev, belgili zańgerler, ǵalymdar, qoǵam qaıratkerleri jáne oqytýshylar qatysty.

Ýnıversıtet rektory Ǵalym Mutanov óz sózinde, ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ túlekteri qaýymdastyǵynyń múshesi, ári túlegi I.I. Rogov búgingi tańda zań ǵylymy men bilimdi damytýǵa jáne ǵylymı-pedagogıkalyq kadrlardy daıyndaýǵa eleýli úles qosatynyn atap ótti. Ol ýnıversıtet ǵalymdarymen tyǵyz baılanysta ǵylymı-tájirıbelik konferensıalar men kezdesýler uıymdastyryp, birlesken ǵylymı maqalalar jarıalaıdy, sondaı-aq, zań jobalaryna ǵylymı saraptama júrgizip, stýdentterdi QR Konstıtýsıalyq Keńesinde zertteý qyzmeti men tájirıbeden ótýge tartady.

El táýelsizdik alǵan kezeńde memlekettik aparat ozyq oı men ony is asyra alatyn, sondaı-aq ýaqyt talaptary men syn-qaterlerine jaýap berýge qabiletti bilikti kadrlarǵa asa muqtaj edi. Sol kezeńde memlekettik qurylymdarǵa shaqyrylǵan ǵylymı qyzmetkerlerdiń qatarynda Igor Rogov ta boldy.

**1 маусымда «әл-Фараби философиясы: Мәдениет, тіл және әдебиет» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік семинар өтті**

# БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖОҒАРЫ МОЙЫНДАУЫ

**Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық хабына төртінші мерзім қатарынан басшылық етеді. Бұл – тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға үлкен үлес қосып отырған жетекші қазақстандық университеттің табысты қызметінің халықаралық жоғары деңгейде мойындалуының дәлелі.**




БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасы сегізінші Бас хатшы Пан Ги Мунның бастамасы. 2014 жылдан бастап әлемдік хабты басқарған ҚазҰУ, халықаралық деңгейде осындай жоғары мәртебеге ие болған ТМД-дағы алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны. ҚазҰУ – БҰҰ-ның 10 дүниежүзілік хабтарының бірі. Ол әлемдік академиялық қоғамдастықты үйлестіріп, ғаламшар ресурстарды сақтауға, сапалы білім мен игілікке қол жеткізуді қамтамасыз етуге, инновацияларды дамытуға, экожүйелерді сақтауға бағытталған адамзаттың тұрақты дамуының 17 мақсатын іске асыруға белсенді тартуда.

ҚазҰУ әлемнің тұрақты дамуының өзекті мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар ірі халықаралық іс-шаралардың бастамашысы. Университет ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жасыл көпір» және «G-Global» бастамаларын қолдау мақсатында ТМД жоғары оқу орындарының арасында алғаш болып «RIO+20» Жаһандық саммитінде секциясын ашты. Азия университеттері ректорларының тұрақты даму мәселелері бойынша III форумын ұйымдастырып өткізді.

2018 жылы Астана экономикалық форумы аясында ҚазҰУ бұрынғы БҰҰ Бас Хатшысы Пан Ги Мунның тікелей қатысуымен оның атындағы Тұрақты даму институтын ашты. Халықаралық академиялық ұйым ретінде, институттың қызметі білім беру, зерттеу және мәдени-гуманитарлық салаларда халықаралық ынтымақтастық пен күш-жігерді біріктіріп, тұрақты даму мақсаттарын іске асыру үшін әріптестікті ілгерілетуге бағытталған.

ҚазҰУ Жаһандық хабты басқара отырып, «Университет 4.0» – жаңа буын ЖОО моделін жасап іске асыруда. Ол технологиялық және рухани-адамгершілік платформалардың симбиозына негізделген және әлемнің жауапты азаматтарын қалыптастыруға бағытталған. «Өркениеттер Альянсымен» бірлесе отырып модель Нью-Йорк қаласындағы БҰҰ штаб-пәтерінде таныстырылды және болашағы кемел, әрі өзекті бастама ретінде әлемнің жоғары оқу орындары арасында кең таратуға ұсынылды.

Қазіргі уақытта университетте тұрақты даму бойынша, сондай-ақ халықаралық журналистика және қоғамдық медиа атты ЮНЕСКО кафедралары табысты жұмыс істеуде. Сонымен қатар, Колумбия университетімен (АҚШ) бірлесіп, «MDP Global Classroom» тұрақты даму бойынша мамандар даярлау бағдарламасы жемісті жүзеге асырылуда. ҚазҰУ «БҰҰ Моделі – Жаңа Жібек жолы» атты дүниежүзілік студенттік жобаның белсенді қатысушысы.

Жаһандық хаб ретінде ҚазҰУ-дың қызметі БҰҰ басшылары тарапынан жоғары баға алып халықаралық мойындауына ие болды. БҰҰ Нью-Йорк қаласындағы штаб-пәтерінен жуырда ҚазҰУ-ға жолдаған хатында «Академиялық ықпал» бағдарламасының жетекшісі Раму Дамодаран университеттің шын мәнінде тұрақты әлем құрудағы маңызды миссиясын атап өтіп, оған жемісті және тиімді жұмысы үшін алғыс білдірді.

**Өз тілшімізден**

# MOOCS.KZ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Коронавирус пандемиясына байланысты карантин кезеңінде қашықтықтан және онлайн білім беру айрықша өзекті. Әл-Фараби ҚазҰУ құрастырған moocs.kz бірегей сандық білім беру ресурсы қазіргі уақытта зор танымалдылыққа ие.**




Бұл Қазақстанның ашық білім беру ұлттық платформасы онлайн курстарды қолдана отырып, білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша желілік Консорциумға қатысатын 12 университетті, сонымен қатар 24 серіктес жоғары оқу орындары мен «DARA» қайырымдылық қорын біріктіреді.

Бүгінгі таңда moocs.kz платформасында 21 онлайн курс орналастырылып, 5 мыңнан астам студент тіркелген. Еліміздің барлық студенттеріне тіркелуге және оқу кредиттерін қайта есептеу негізінде онлайн курстардан өтуге мүмкіндік бар. Курстар тәулік бойы қолжетімді және ақысыз. Сонымен бірге, тұрақты түрде жаңа онлайн-курстарды құру және іске қосу бойынша оқыту семинарлары өткізілуде.

COVID-19 пандемиясы жағдайындағы қиын кезеңде ҚазҰУ университеттерді ынтымақтастыққа шақырады, сондай-ақ басқа университеттердің үздік оқытушыларын жаппай ашық онлайн курстарын құруға және оларды платформада орналастыруға тегін дайындауға дайын.

Moocs.kz сайтын қарап оқыңыздар!

**Коронавирус пандемиясы қазақстандық жоғары оқу орындарын қашықтықтан оқыту жүйесіне көшуге мәжбүр етті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері карантин кезінде ой-өрістерін кеңейтіп, кітап оқып, білімдерін толықтыра түсуде. Университет ректоры Ғ.Мұтановтың бастамасымен қолға алынған «ҚазҰУ студенті оқуы тиіс 100 кітап» жобасы бүгінгі таңда ерекше мәнге және өзектілікке ие болуда.**

# ЕРЕКШЕ МӘНГЕ ИЕ

Жуырда ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов қазақстандық ата-аналарды қосымша демалыстарды балаларына кітап оқуға деген сүйіспеншілікке баулу үшін пайдалануға шақырды. «100 кітап» жобасын бірнеше жыл бойы табысты жүзеге асырып келе жатқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттері бұл үндеуді қолдады. Оның мақсаты – студенттерді әдебиетке тарту, маңызды адамгершілік бағдарларды қалыптастыруға жәрдемдесіп, олардың зияткерлік және рухани дамуына ықпал ету. Университет жобасы аясында студенттер жүз кітап таңдап оқуға тиіс классикалық әлемдік туындылар мен ұлттық әдебиеттің ең үздік тізімі ұсынылды. Әрбір студент уақытты ұтымды пайдалану керектігі мен оның ең жақсы тәсілі – кітап оқу арқылы өзін-өзі дамыту және тәрбиелеуге инвестициялау екендігін түсінуі қажет.

Қазіргі уақытта ҚазҰУ студенттері алдыңғы қатарлы сандық білім беру технологияларын қолдана отырып қашықтықтан білім алуда. Жаңа жағдайларда өздігінен білім алу ерекше өзектілікке ие болып, студенттер білім мен біліктіліктерінің басым бөлігін бүгінде тегін қолжетімділігі кең етек жайған ашық интернет-көздерінен, порталдар мен білім беру ресурстарынан алуда. Өкінішке орай, қазіргі таңда кітап өзге жоғары технологиялық ақпарат құралдарына қарағанда өз мәртебесін біршама жоғалтуда. Дегенмен, оның ең басты қызметі – ғасырлар бойы




жинақталған білім мен тәжірибені сақтап, келесі ұрпаққа жеткізу өзекті болып қала бермек, сондай-ақ ол технологиялардың дамуына қарамастан адам мен қазіргі заманғы қоғамның дамуындағы аса маңызды буын.

«100 кітап», «Айналаңды нұрландыр» сынды университеттік жобалар жастардың азаматтық және рухани-адамгершілік тәрбиесіне үлкен үлес қосуда. Кітап оқуды танымал ету мақсатында факультеттерде кураторлық сағаттар, әдеби кездесулер мен шығармалардың танымал авторларымен арнайы кештер өткізілуде. Карантин кезінде бұл шаралар онлайн режимінде өтуде. Ең белсенді студенттер жалпыуниверситеттік «Жыл оқырманы» байқауына қатысады.

Бос уақытын жақсы кітаптар мен мазмұнды және сапалы әдебиеттерді оқуға арнай отырып, ҚазҰУ студенттері өз мәдениеті мен білімдарлығының деңгейін арттыруда, бұл – кәсіби және рухани-адамгершілікті қалыптастырудың жақсы негізі.

**Өз тілшімізден**

**В КазНУ им.аль-Фараби стартовал в онлайн-формате республиканский конкурс «Мен жастарға сенемін»**

# ҚАЗҰУ ТҮЛЕКТЕРІ КҮНІ

Жалғасы. Басы 1-бетте



Университет атына 20-дан астам алыс және жақын шетелдерден: Жапония, Қытай, Канада, Германия, Англия, АҚШ, Түркия, Польша, Израиль, Корея Республикасы және т.б. елдерден түлектердің 500-ден аса бейнежазбалық құттықтаулары келіп түсті.

Түлектер күні ҚазҰУ-дың мыңдаған оқытушылардан тұратын ұжымының, студенттері мен түлектерінің бірлігі мен ұйымшылдығын көрсетіп, еңсерілмейтін құндылықтар, ғылым мен білімнің, бейбітшілік пен өзара түсіністіктің маңыздылығын айғақтады. Мерекелік кездесулердің материалдары және бейнежазбаларымен ҚазҰУ түлектері қауымдастығының сайтында, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі факультеттер мен кафедралардың парақшаларында толық танысуға болады

**Өз тілшімізден**

**Тарих, археология және этнология факультеті «Түлектер күні» мерекесін алғаш рет zoom жүйесінде онлайн форматта салтанатты түрде өткізді. Бұл шараға тарих, археология және этнология факультетінің мерейлі 1975, 1980, 1985, 1990, 2000 жылдарғы түлектері және басқа да жылдары бітірген түлектеріміз қатысты.**

# ТАРИХШЫЛАР ТАҒЫЛЫМЫ

Қатысқандардың жалпы саны 62 қатысушыны құрады. Шараның модераторы тарих, археология және этнология факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Меңдігүл Сағатқызы Ноғайбаеваның кіріспе сөзінен кейін, Құттықтау сөзді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалым Мұтанов бастап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түлектер Ассоциациясының Президенті, бүгінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы қызметін атқаратын университет түлегі Қайрат Әбдіразақұлы Мәмидің салтанатты құттықтауымен жалғасын тапты.

Осыдан кейін, Жоба инициаторы – әл-Фараби атындағы Түлектер Ассоциациясы болып табылатын «Тәлімгерлік–әркімге үлкен мүмкіндіктің бастауы» презентациясы көрсетіліп, артынан түлектер «Болашаққа ұмтылған университет» әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бүгінгі жетістіктері жайлы видеороликті тамашалады. Салтанатты мереке факультеттің Түлектер Ассоциациясы жұмысымен, факультет жетістіктеріне арналған презентацияны тамашалаумен жалғасты.

Конференция танымал факультет түлектерінің видеоқұттықтаулары түрінде өз жұмысын жалғастырды. Олардың қатарында, 1979 жылғы түлек, Қазақстан Республикасы ҚР МОМ директоры Нұрсан Әлімбай, ҚР Ұлттық музейінің ғылыми қызметкері тарих ғылымдарының докторы, профессор Жакен Таймағанбетов, 1996 жылғы түлек, ҚР Президент Архиві Директорының орынбасары Қ.Ш. Алимгазинов, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде кафедра меңгерушісі қызметін атқарушы 2000 жылғы түлек Ұлан Үмітқалиев сынды танымал түлектеріміз өз Альма-матерлеріне жүрекжарды пікірлерін білдірді. Шараға Қазақстанның барлық өңірлерінен және алыс, жақын шет елдерден жалпы саны 80-нен аса түлек қатысты.

Онлайн конференция жұмысын қорытындылаған факультет деканы барлық түлектерге сәттілік тілеп, қатысушылар бірге «Армандастар» әні әуені аясында видео клип көрсетілді.

Шараға қатысқан Түлектер жақсы әсермен әнді бірге орындап, шара өзінің мәресіне жетті.

**Тарих, археология және этнология факультеті**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебі Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай Түлектер қауымдастығы кеңесінің жыл сайынғы дәстүрлі отырысын 30 мамырында онлайн режимінде өткізді.**

# ЭКОНОМИСТ-ТҮЛЕКТЕР ТӘЛІМІ




Түлектер қауымдастығы кеңесінің отырысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түлектер Қауымдастығының «Тәлімгерлік: барлығы үшін мүмкіндіктер» жобасы аясында ЭжБЖМ деканы Р.Қ. Сағиеваның факультет жетістіктерімен таныстыру презентациясымен жалғасты. ЭжБЖМ-нің Түлектер Қауымдастығы Кеңесі кәсіби қоғамдастықтың дамуы үшін тәлімгерлік құндылықтарын арттыруға және экономист-түлектердің бірегей тәжірибелерін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруға күш салады.

С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетінің 1960 жылғы түлегі Қазақстан Республикасының мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев құттықтау сөз сөйледі. 1985 жылғы түлек Мирманов Айбек пен Экономика және бизнес жоғары мектебінің Түлектер Қауымдастығы Кеңесінің төрағасы Мұқаев Дәулет, сондай-ақ барлық белсенділік танытқан түлектер онлайн форматқа қосылды. Олар өздерінің студенттік жылдардағы естеліктерімен бөлісті, сонымен қатар студенттермен Экономика және бизнес жоғары мектебі мен кафедралары ұйымдастыратын іс-шаралар аясында ғана емес, сондай-ақ бейресми жұмыстар мен жеке кездесулер деңгейінде жалғасын тапса деген тілектерін білдірді.

Мерейтойлық жыл түлектерінің сөз сөйлеуінен кейін ЭжБЖМ-нің студенттері музыкалық құттықтау жасады. Түлектер Қауымдастығы Кеңесінің отырысын ЭжБЖМ-нің деканы дәстүрге сай қорытындылады және іс-шара «Армандастар» әнін шырқаумен аяқталды. Сонымен қатар іс-шараға «Қаржы» және «Есеп және аудит» мамандығы бойынша бітірген мерейтойлық түлектер қатысып, сөз сөйледі. 1957-1962 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетінде оқыған, қазіргі уақытта Еуразия экономика және басқару академиясының президенті Айтқали Шоқалиұлы Нұрсейіт қатысып, өз тілегін білдірді. Қатысушы-түлектер университеттің жобаларын қолдау мақсатында студенттерге стипендиялар тағайындап, 4 студентке табыстады. Қазақстаннан тыс жерде жұмыс істейтін түлектер ҚазҰУ-дың танылған дипломының арқасында олардың сәтті екендіктерін атап өтті.

Жыл сайын кафедрада ҚР ҰҒА академигі Я.А. Аубакиров атындағы шәкіртақысы түлектер мен үздік мұғалімдер атынан үздік студенттерге табысталады. Биыл Я.А.Аубакиров атындағы стипендия дарынды студенттерді тағы бір мәрте қуантты.

Модератор шетелдік серіктестерден – Канзас университетінің әріптестері –профессор Мохамед аль-Ходери мен Падова университетінің профессоры Дэвид Челеттің құттықтауларын айтты.

Келесі құттықтауларын кафедра-мыздың мерейтойлық түлектері, «Бизнес технологиялар» кафедрасы меңгерушісінің орынбасары, PhD докторы, 2005-жылғы түлек Н.А. Товма, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ сатып алу депаотаментінің маманы, 2015 жылғы магистратура түлегі Б.А. Базарбаев, 2015-жылғы бакалавр түлектері «Самат шоу техник» ЖШС-нің маркетологы Ж.А. Абдилхакова, «Қазақ Холдинг» компаниясының маркетологы Т. Мұратқалиұлы кездесуге қатысушыларды құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

«Менеджмент» кафедрасының түлектері тәжірибе алмасу, өндірістік тәжірибе өткізу бойынша білім алушылармен қарым-қатынас орнату бойынша ұсыныстар айтты. С. И. Тасжарғанов (2010 ж.) менторлық сабақ өткізу туралы идеяны ұсынды.

Одан әрі «Менеджмент» кафедрасының студенттерінің «Қоштасу вальсі» әнімен музыкалық сәлемдесуі әсіресе кездесуге қатысушылардың әуен ырғағымен және ән мәтінінің терең сөздерімен таң қалдырды. Будан кейін басқа қатысушылар да өз әсерлерімен бөлісті.

Кездесу соңында қорытынды жасалды: байланыстарды дамыту, Түлектер қауымдастығының «Тәлімгерлік: әркім үшін мүмкіндіктер» жобасын қолдау, түлектер базасын кеңейту, қонақтық дәрістерін, мастер-кластарды қалыптастыру, студенттерге түрлі беделді конкурстарға қатысуына ықпал ету, нетворкинг дамыту және т.б.

Жыл сайынғы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де өтетін Түлектер күні – бұл әдемі және қуатты дәстүрдің сыйы ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының жетекші университетінің ғылыми және шығармашылық интеллигенциясы ұрпақтарының арасындағы байланысты нығайтатын және университеттің үздік құндылықтарын таратуға ықпал ететін шара болды.

**Экономика және бизнес жоғары мектебі**

**20-21 мамырда «Әл-Фараби мұрасы философиялық білімнің ренессансы туралы тезис аясында» халықаралық пәнаралық онлайн-конференция өтті**

**ҚазҰУ-да дәстүрлі Түлектер күні аясында университеттің философия-экономика факультетінің 1980 жылғы түлектерінің онлайн кездесуі өтті.**

# ФИЛОСОФИЯ ТҮЛЕКТЕРІ




Философия және саясаттану факультетінің философия кафедрасы ұйымдастырған кездесуге Иерусалим, Мәскеу, Бішкек, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Тараз, Атырау қалаларының жоғары оқу орындары мен мемлекеттік ұйымдарында қызмет атқарып, өз елдерінің дамуына ерекше үлес қосып жүрген 1980 жылғы түлектер, еліміздің ЖОО-ның, кафедраның оқытушылары, кафедра студенттері, магистранттары мен докторанттары қатысты.

Кездесуге қатысушылар ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтановтың, ҚР Конституциялық Кеңес Төрағасы Қ.Мамидің құттықтауларын, ҚазҰУ, кафедра жетістіктері туралы видеобаяндамаларды зор ықыласпен тыңдады. Жиында кафедра профессоры М. Хасанов, философия профессоры К.Сатыбалдина (АҚШ), Яд Вашем мемориал орталығының құжаттар бөлімінің меңгерушісі А.Зенгин (Израиль), Қырғыз-Славян университетінің профессорлары А.Бұғазов, А.Қангелдиев, Қырғызстанның «Нарсу» шаруашылық орталығының төрағасы, Қырғызстан ауыл шаруашылығының еңбек сіңірген қызметкері А.Сұлайманбеков, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ философия кафедрасының меңгерушісі, профессор Ғ.Т.Телебаев, Жетісу мемлекеттік университетінің доценті Б.Шомшекова, ҚазҰУ философия кафедрасының профессоры С.Еділбаева, ОҚМУ доценттері М.Таубаева, Г.Есіркепова және тағы басқа түлектер сөз сөйлеп, тілектерін жеткізіп, өз жетістіктеріне бұрынғы КазГУ, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде алған сапалы білімнің арқасында жеткенін атап өтті. Олар университет ұсынған «Тәлімгерлік» жобасын мақұлдап, қолдауға дайын екендіктері туралы баяндады. Кездесуге қатысушылар 1980 жыл түлектері туралы кафедра дайындаған видеофильмдерден үлкен әсер алды және осындай шараны ұйымдастырған университет пен кафедраға алғыстарын жеткізді.

Онлайн форматтағы кездесуге факультеттің жүзге жуық түлектері, ұстаздары мен студент, магистрант, докторанттары да қатысты. Шарада түлектер студенттік өмірдің қайталанбас сәттерін еске алып, білім-ғылым саласында өмірлік бағыт берген ұстаздарын мақтанышпен еске алды. Сонымен қатар, олар Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150, Абайдың 175 жылдығына тоқталып, жас буынның сұрақтарына жауап беріп, тамаша сұхбат алаңына айналды.

**Гүлжихан НҰРЫШЕВА,**
*философия кафедрасының меңгерушісі, ҚазҰУ-дың философия-экономика факультетінің 1980 жылғы түлегі*

**ҚазҰУ-да «Түлектер ассоциациясының» жыл сайын өткізетін дәстүрлі түлектер кездесуі Әлемдік пандемияға байланысты биыл онлайн форматта өтті. Аталмыш шара Шығыстың ұлы ғалымы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналды.**

# БАСПАГЕР-ТҮЛЕКТЕРМЕН ОНЛАЙН-ЖҮЗДЕСУ




